

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі

Жібек жолы ауылдының мектеп – лицейінің

2023-2024 оку жылдарының қыркүйек айында өткен

педагогикалық кеңесінің

№1 хаттамасы

Күні: 01.09.2023 ж.

Катысқандар:

Себепті:

Уақыты: 10:00

Катыспағандар:

Себепсіз:

Тақырыбы: «Мүмкіндіктер мектебі-шығармашылық өсу мектебі»

Күн тәртібінде:

1. 2023 - 2024 оку жылдарының жұмыс жоспарын бекіту
2. Мектептің миссиясын айқындау
3. Әдістемелік нұсқау хат. 2023 – 2024 оку жылдарында оку үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен таныстыру.
4. Мектептің нормативтік – құқықтық базасы. Мектептің ішкі актілерін талқылау және қабылдау
 - а) Оку жылдарының басталуы туралы бұйрықпен таныстыру;
 - ә) Мұғалімнің жүктемелерін нақтылау, сабак кестесі туралы;
 - б) Ішкі тәртіп ережесімен таныстыру;
 - в) Кабинет менгерушілерін, ӘБ жетекшілерін, сынып жетекшілерді бекіту;
 - г) Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту.
5. Орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскең педагогке оку жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыру
6. Мектеп бойынша сынып тізімдерін бекіту

Тындалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының міндетін атқарушы Аубакирова Гулнур Иргебаевна сөз алып, 2023 - 2024 оку жылдарының жұмыс жоспарымен ұжымды таныстыруды. Мектептің ішкі жоспарында әдістемелік тақырып, мектептің биылғы

оку жылындағы мақсаты мен міндеті толық көрсетілген. Ұжымдық талқылаудан соң жоспар бірауыздан мақұлданып, бекітілуге жіберілді.

2. Келесі мәселе барысында топтық «SMART» талдау арқылы мектептің миссиясы анықталды. Миссия мектептің мақсатқа жетуі жолындағы қозғаушы күші. Ол сізді, қызметкерлеріңіз берілгенде үшінші бағытта біріктіретін құрал. Миссия сұраныс-талаптарға сайнан өзгеріске ұшырап отырады. Бірақ негізгі ұстаным миссия өзгерісіне қарамастан сақталып отырады. Мектептің ұстанымы - сапалы білім мен саналы тәрбие беру болып табылады.

3. Келесі мәселе бойынша оку ісінің менгерушісі Хакимжанова Кулия Муратхановна пән мұғалімдерін 2023-2024 оку жылына арналған әдістемелік-нұсқау хаттың негізгі ерекшеліктерімен таныстырып, 2023-2024 оку жылында оку процесіндегі өзгешеліктерді атап өтті. Әсіресе, әдістемелік нұсқау хатта қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне БЖБ-ны мазмұндама, диктант, эссе түрінде өткізу ұсынылғаны баса айтылды. Мұғалімдерге БЖБ құрастыру барысында осы ұсынысты назарға алуға кеңес берілді.

4. Педагогикалық кеңестің төртінші мәселесі бойынша мектептің нормативтік – құқықтық базасы. Мектептің ішкі актілерін талқылау және қабылдау қарастырылды. Педагогикалық ұжымды оку жылының басталуы туралы бұйрықпен таныстырылды. Пән мұғалімдерінің оку жүктемелері нақтыланып, сабак кестесі бекітілді. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, педагогикалық әдеп нормасы таныстырылып, қатаң назарда ұстау керектігі ескертілді. Кабинет менгерушілері, ӘБ жетекшілері, сынып жетекшілер бекітілді. Сонымен қатар, әдістемелік аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімі нақтыланып бекітілді.

5. Келесі мәселе бойынша орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кірісken педагогке оку жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыру бойынша тәлімгерлер тағайындалды. Сонымен бірге тәлімгерлер мен тәлімге мақсаттары мен міндеттері таныстырылды.

6. Педагогикалық кеңестің соңғы мәселесінде мектеп бойынша сынып тізімдерін бекітілді. Сондай-ақ бекітілген сыныпқа әр сынып жетекшісі және сабак беретін пән мұғалімдері жауапты екендігі ескертілді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Мектептің 2023 - 2024 оку жылының жоспарына сәйкес жұмыстар сапалы атқарылсын;
2. Айқындалған миссияға сәйкес жұмыс жүргізілсін;

3. Әдістемелік-нұсқау хатқа, оқу бағдарламаларына сүйене отырып, құнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, қолданбалы курс және факультативтік сабактардың жоспарлары бекітілсін;
4. Мектептің ішкі тәртібі басшылыққа алынсын;
5. Тәлімгерлік жоспары құрастырылып, бекітілсін. Бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілсін;
6. Сынып тазалығын, ұқыптылығын бақылау сынып жетекшісіне жүктелсін.



Кеңес төрағасы:

Гиля Аубакирова Г.И.

Хатшы:

Erlan

Ерлан А.